

Қармақшы ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 324 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 наурызда № 5409 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 358 шешімімен

Ескерту Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 24.06.2020 № 358 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қармақшы ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің Қағидалары бекітілсін.

2. Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылдың 15 сәуірдегі "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" № 158 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 20 мамырында № 4675 болып тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2014 жылы 31 мамырында № 40 (9294) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы аудандық мәслихатының
кезектен тыс 47-сессиясының төрағасы*

A. Усенов

*Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы*

M. Наятулы

*Қармақшы аудандық мәслихатының 2016
жылғы 10 ақпандағы № 324 шешімімен
бекітілген*

Қармақшы ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің Қағидалары

1. Осы Қармақшы ауданы аумағында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің Қағидалары "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

1. Қармақшы ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер , пикеттер және демонстрациялар өткізуге арналған арнайы орындар

2. Қармақшы ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер өткізу үшін келесі арнайы орындар белгіленсін:

- 1) Қуандық Жолдыбаев көшесі бойындағы демалыс саябағы;
- 2) Тұрар Рысқұлов көшесі бойындағы ардагерлер аллеясы.

3. Қармақшы ауданы аумағында бейбіт шерулер, демонстрациялар өткізу үшін келесі арнайы маршрут белгіленсін:

- 1) Бауыржан Момышұлы көшесі, Қуандық Жолдыбаев көшесі мен Гани Мұратбаев көшесі аралығы;
 - 2) Қармақшы мен Аманкелді Иманов көшелерінің бойы, Қорқыт ата мен Қармақшы көшелерінің қиылсысынан Қармақшы көшесімен Аманкелді Иманов көшесінің қиылсысына дейін және Қармақшы, Аманкелді Иманов көшелерінің қиылсысынан Елеу Көшербаев көшесіне дейін.
4. Бейбіт пикеттер өткізу үшін арнайы орындар белгіленбейді.

2. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің тәртібінің талаптары

5. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар (әрі қарай – бұқаралық шара) өткізу туралы өтініш оларды өткізудің белгіленген күнінен кемінде он күн бұрын Қармақшы ауданы әкімдігінің "Қармақшы ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (әрі қарай - аудан әкімдігі) жазбаша нысанда беріледі.

Отініш берушіге өтінішті қабылдаған тұлғаның аты-жөні, қабылдаған күні мен уақыты көрсетілген талон беріледі.

6. Отініште бұқаралық шараны өткізудің мақсаты, нысаны, өткізілетін орны немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (үйымдастырушылардың) және

қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген күні көрсетіледі.

Өтініш жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнама талаптарына сәйкес берілуі мүмкін.

7. Өтініштің берілген мерзімі аудан әкімдігіне тіркелген күннен бастап есептеледі.

8. Бұқаралық шараны өткізу туралы өтінішті еңбек ұжымының, қоғамдық ұйымдардың немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының 18 жасқа толған уәкілдері береді.

Оқілдікті рәсімдеу Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасымен бекітілген тәртіппен жасалады.

9. Аудан әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген бұқаралық шараның өткізілетін уақытынан бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

10. Аудан әкімдігі өзге тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ, көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс жасауын, жасыл желеңтер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда өтініш жасағандарға бұқаралық шараны өткізудің өзге уақыты мен орнын немесе көтерілген мәселелерді талқылауға, қарауға арналған балама алаңды ұсынады.

Қабылданған шешімге қолданыстағы заңнамада бекітілген тәртіппен шағым жасауга болады.

11. Бұқаралық шараны өткізу туралы өтініш беру барысында "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының З-бабының талаптары бұзылған жағдайда, аудан әкімдігімен, жаңа өтініш беру арқылы жіберілген қателерді жою туралы ұсыныспен ресми жауап беріледі.

Жаңадан түскен өтінішті қарау мерзімі оның келіп түскен уақытынан бастап есептеледі.

12. Егер бұқаралық шараның өткізілу мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімдікті, тектік астамшылықты, республиканың конституциялық құрылымын құш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа ережелерін бұзыу немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, аудан әкімдігі бұларды өткізуге тыйым салады.

13. Бұқаралық шараларды теміржол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ, мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқада энергия тасымалдаушы) және, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

14. Бас тартылған жағдайда ұйымдастырушиларға барлық дайындық рәсімдерін тез арада тоқтату жөніндегі шараларын қабылдау және бұл жөнінде әлеуетті қатысушыларды тиісті түрде хабардар ету көрсетіледі.

15. Егер ұйымдастырушилар дайындық шараларын тоқтату жөніндегі шараларды өздігінен қабылдамаса, аудан әкімдігі бұқаралық шараны өткізуге рұқсат беруден бас тартылғандығы туралы ақпаратты, санкцияланбаған бұқаралық шараға қатысқаны үшін жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертумен бірге өзінің ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ, ұйымдастырушилар заңсыз бұқаралық шараға шақыру, шақырту орналастырған (орналастырылып жатқан) басқа да ресурстарға орналастыруға құқылы.

16. Аудан (қала) әкімдігі ұйымдастырушилардың көлісімі бойынша қоғамдық тәртіпті, көліктің, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету, азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіптің алдын алу мақсатында, сондай-ақ, бұқаралық шаралардың нысаны, өткізілу орны мен уақыты тура келіп, алайда басқа бұқаралық шараның бағыты мен мақсатына сәйкес келмеген жағдайда, белгіленген мерзімге бұрын немесе бір мезгілде түсken бұқаралық шараны өткізу туралы арыздардағы бұқаралық шараның өткізілу уақытын, орнын (маршрутын) және өткізілу тәртібін өзгертуге құқылы.

Аудан әкімдігінің ұсынысы нақты сипатта болуы тиіс, дегенмен бірнеше нұсқаны қамти алады.

17. Бұқаралық шара өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес, онда көрсетілген мерзімде, уақытта және шартты орындарда (белгіленген маршрутпен) өткізіледі.

18. Егер бұқаралық шараның нысанын өзгерту қажеттілігі туындаса, бұқаралық шараны ұйымдастыруши тиісті рұқсатты алу үшін аудан әкімдігіне жүгінуі қажет.

19. Бұқаралық шараны өткізу барысында өтінішке қол қойған ұйымдастырушида айырмалық белгі болуы тиіс және өзі қатысып, бұқаралық шараның бекітілген тәртіпке сәйкес өткізілуіне толық жауапкершілікте болады.

20. Бұқаралық шараны өткізу барысында ұйымдастырушилар мен қатысушылар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарын, басқа да нормативтік актілерін, қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті.

21. Бұқаралық шараны ұйымдастырушылар мен аудан әкімдігі төтенше жағдай орын алған жағдайда қоғамдық тәртіпті, медициналық қызмет көрсетуді, ерт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және бұқаралық шараға қатысушыларды эвакуациялауға тиісті шаралар қабылдайды.

22. Бұқаралық шара өткізілетін орындарда алкогольді сусындарды ішу, есірткі құралдарын, психотроптық және оларға ұқсас заттарды, прекурсорларды пайдалануға тыйым салынады.

Бұқаралық шараны ұйымдастырушылар мас және есірткі пайдаланған тұлғалардың бұқаралық шараға қатысуына жол бермеуге міндettі.

Бұқаралық шараға қатысушыларға өзімен бірге қару, жарылғыш заттар, улы, есірткі заттарын, алкогольдік сусындарды, сондай-ақ, адамдардың өміріне және денсаулығына қарсы, жеке және занды тұлғаларға материалдық шығын келтіру үшін, тәртіпсіздікті арандату, митингіге кедергі келтіру және өзге де жағдайларда қолданылуы мүмкін арнайы дайындалған немесе бейімделген заттарды алып жүргүре тыйым салынады.

23. Бұқаралық шараны ұйымдастырушылар оны өткізу барысында дауыс қүшеткіштер, транспаранттар, ұрандар және басқа да материалдарды дайындау және (немесе) пайдалану, сондай-ақ, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға шақыратын, кімге де болмасын тіл тигізетін көшшілік алдында сөз сөйлеулерге жол бермеуі тиіс.

24. Пикетке шығушыларға рұқсат етіледі:

пicket өткізілетін обьектіде отыруға, тұруға;

көрнекі үгіт-насихат құралдарын пайдалануға;

пicketтің тақырыбына сәйкес қысқа ұрандар мен лозунгілерді айқайлап айтуда

25. Қоғамдық тәртіпті сактау және пикетке қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі жекелеген пикетке қатысушылар бір-бірінен 50 (елу) метрден кем емес қашықтықта орналасуы қажет.

26. Бұқаралық шараның өткізілуі барысында ішкі істер оғандары заңнамаға сәйкес қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, азаматтардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғауды, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды алдын алу және жол бермеуді қамтамасыз етеді, қолданыстағы заңнамада қарастырылған басқа да қызметтерді атқарады.

27. Ішкі істер органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптары барлық азаматтарға, бұқаралық шараға қатысушы азаматтарға, лауазымды тұлғаларға, ұйымдармен бірлестіктерге міндettі болып табылады.

28. Азаматтардың бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларға бостандығы құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіретін

мемлекеттік органдардың, ұйымдастырушылардың, қатысушылардың барлық іс-әрекеттеріне жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен сотқа шағымдануға болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК